

Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданының кейбір елді мекендерін тарату туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 20 тамыздағы N 34-14 шешімі және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 320 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 24 тамызда N 3069 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Теректі аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 18 қазандағы N 410 және Теректі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 19 қазандағы N 33-17 "Ауданның кейбір елді мекендерін тарату туралы" бірлескен қаулы және шешімі негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданының кейбір елді мекендері т а р а т ы л с ы н :

Долин селолық округі бойынша Ақсай ауылы;
Долин селолық округі бойынша Жаңаталап ауылы;
Төңкеріс селолық округі бойынша Алебастрово ауылы;
Федоровка селолық округі бойынша Шарақап ауылы.

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Б. Ізмұхамбетов

Сессия төрағасы
М. Джакибаев
Облыстық мәслихат хатшысы

М. Құлшар